



**Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1039 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 451 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 451 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

7

қазандағы

N

1039

қаулысымен

бекітілген

**Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және ауыл халқына телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу

үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Субсидиялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталатын шығындарды өтеу үшін тиісті жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және шегінде ауылдық жерлерде халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларына арналған.

3. Субсидиялар халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін ұсынатын байланыс операторларына, егер ол конкурс нәтижелерімен немесе осы аумақтағы ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісінің басым операторына байланыстың әмбебап қызметтерін ұсыну жөніндегі міндеттемелерді жүктеу шарттарымен анықталған болса төленеді.

4. Егер қызмет түрлері, көрсетілетін байланыс қызметтері және осы қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын байланыс желісі бөлігі бойынша кірістер мен шығыстардың бөлектеп есепке алуды жүзеге асыру (бұдан әрі - бөлектеп есепке алу) мүмкін болмаған жағдайда, әмбебап қызмет көрсететін операторларға төленетін субсидиялардың мөлшері конкурс нәтижелерімен анықталады.

5. Егер конкурс нәтижесі бойынша субсидиялар алатын әмбебап қызмет көрсететін оператор бөлектеп есепке алуды жүргізсе, онда субсидиялар мөлшері, бөлектеп есепке алу деректерін есепке ала отырып, ол ұтып алған өтінімдегі субсидиялар мөлшерінен аспайтындай етіп белгіленеді.

6. Басым байланыс операторына телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін ұсыну жөніндегі міндеттемелерді жүктеу кезінде субсидиялар мөлшері ол конкурста мәлімдеген сома мөлшерінде анықталады.

7. Бөлектеп есепке алу кезінде конкурс нәтижесі және субсидиялар мөлшері конкурста қатысатын байланыс операторларының бөлектеп есепке алу деректерін ескере отырып анықталады.

8. Егер басым оператор конкурста қатысуға өтінім бермесе және байланыстың әмбебап қызметтерін ұсыну жөніндегі міндеттемелерді жүктеу шарттары бойынша әмбебап қызмет көрсету операторы болып танылса, онда өтемақы мөлшері:

бөлектеп есепке алу болмаған жағдайда - осы аумақ үшін субсидиялардың ең көп мөлшерінде;

бөлектеп есепке алу болған жағдайда - бөлектеп есепке алу нәтижелерін ескере отырып, бұл кезде субсидиялар мөлшері аталған аумақ үшін субсидиялардың ең көп мөлшерінен аспайтын етіп белгіленеді.

## **2. Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларына субсидияларды төлеу тәртібі**

9. Субсидиялар конкурс нәтижесі бойынша байланыс саласындағы уәкілетті органмен жасалатын шарт негізінде немесе басым байланыс операторына телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін ұсыну жөніндегі міндеттемелерді жүктеу шарттарымен және халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторының байланыс саласындағы уәкілетті органға есепті тоқсанның соңғы айының 15-күніне дейін ұсынған шот негізінде халыққа нақты көрсетілетін телекоммуникацияның әмбебап қызметтері үшін төленеді.

10. Байланыс саласындағы уәкілетті орган есепті тоқсанның соңғы айының 20-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органына 1-қосымшаға сәйкес субсидиялар төлеу үшін әмбебап қызмет көрсететін оператордың кірістері мен шығыстары туралы ведомость және ақы төлеу шотын ұсынады.

11. Байланыс операторы байланыс саласындағы уәкілетті органға тоқсан сайын 2-қосымшаға сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-күніне дейін әмбебап қызмет көрсететін оператордың кірістері мен шығыстары туралы жиынтық ведомость ұсынады.

12. Ұсынылған ведомостарды байланыс саласындағы уәкілетті орган тексергеннен кейін есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-күніне дейінгі мерзімде байланыс операторына тексеріс нәтижесі туралы хабарлама және субсидиялар төлеу үшін, төртінші тоқсанды қоспағанда, келесі есепті кезең үшін келесі шоттарды дұрыстау қажеттілігін ұсынады.

Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесіне 1-қосымша

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ ж. есепті кезең (тоқсан) үшін әмбебап қызмет көрсететін оператордың кірістері мен шығыстары туралы ведомость

---

Шарт нөмірі|Факт бойынша|Лот бойынша|1 абонент үшін| Субсидиялардың



			тер	тер	тар*	тер	тер	тар*
				теңге.	теңге.	теңге.	теңге.	теңге.
			мен	мен	мен	мен	мен	мен
				(ҚҚС			(ҚҚС	
				қоспай)			қоспай)	

к е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Телеграфтық байланыс			Қазақстан Интернеті					
қызметтері***								
						Субсидия		
тариф. кіріс.		шығыс. тариф. кіріс.		шығыс. сомасы**				
тер	тер	тар*	тер	тер	тар*			
теңге.	теңге.	теңге.	теңге.	теңге.	теңге.			
мен	мен	мен	мен	мен	мен			
	(ҚҚС			(ҚҚС				
	қоспай)			қоспай)				

Оператор _____	Уәкілетті орган _____
Уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә. _____	Уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә. _____
қ о л ы	қ о л ы
М.Ө.	М.Ө.

Е с к е р т п е :

\*) Қызмет түрлері бойынша кірістер пен шығыстарды бөлек есептеуді енгізгенге дейін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін оператордың шығыстары ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12.06.N 155-ОД бұйрығына сәйкес есеп-айырысу жолымен айқындалады.

\*\*) Субсидиялау сомасына Осы Ереженің 2-тармағына сәйкес, телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсетуден түскен шығыстардың кірістерден асатын сомасы енгізіледі.

\*\*\*) Қазақстан Республикасы бойынша телеграммаларды жөнелту және жеткізу жөніндегі шығыстар